


**Терешкова атындағы №31 жалпы орта білім беретін  
мектебі**

**Педагог-психологтардың  
2025-2026оқу жылына  
жылдық есебі**



**2026ж**

## Педагог-психологтардың 2025-2026 оқу жылына жылдық есебі

**Мектептегі психологиялық қызмет – білім беру процесіндегі субъектілерге психологиялық қолдауды ұйымдастырудағы негізгі мәселе болып табылады.**

### **Мақсаты:**

Білім алушылардың, тәрбиеленушілердің психологиялық денсаулығын сақтау. Орта білім беру ұйымдарында қолайлы әлеуметтік-психологиялық ахуал жасау және білім беру процесіне қатысушыларға психологиялық қолдау көрсету.

### **Міндеттері:**

- 1) Білім алушылардың, тәрбиеленушілердің жеке және зияткерлік дамуына жәрдемдесу, өзін-өзі тәрбиелеу және өзін-өзі дамыту қабілетін қалыптастыру;
- 2) Білім алушыларға, тәрбиеленушілерге, олардың тез дамып келе жатқан ақпараттық қоғам жағдайында табысты әлеуметтенуіне психологиялық көмек көрсету;
- 3) әрбір білім алушыға, тәрбиеленушіге оның жеке басын психологиялық-педагогикалық зерттеу негізінде жеке көзқарас қалыптастыруға ықпал ету;
- 4) Психологиялық диагностика жүргізу және білім алушылардың, тәрбиеленушілердің шығармашылық әлеуетін дамыту;
- 5) Білім алушылардың, тәрбиеленушілердің психологиялық қиындықтары мен проблемаларын шешу бойынша психологиялық түзету жұмыстарын жүзеге асыру;
- 6) Психологиялық проблемаларды шешуде және оқу-тәрбие жұмысының оңтайлы әдістерін таңдауда ата-аналарға (занды өкілдерге) және педагогтерге консультациялық көмек көрсету;
- 7) Білім беру процесіне қатысушылардың психологиялық-педагогикалық құзыреттілігін арттыру.

### **Бағыттары:**

1. Диагностикалық
2. Консультациялық
3. Дамытушы (түзету)
4. Психологиялық-педагогикалық ағарту
5. Ұйымдастыру-әдістемелік

### **Күтілетін нәтиже:**

- Ұжымда психологиялық ынтымақтың сақталынуы
- Педагогтар, оқушылар және ата-аналар қарым қатынасының мәдениет деңгейінің жоғарылауы
- Оқушылар ұжымындағы мәселелік жағдайлар көлемінің азаю нәтижесінің көрсеткіші ретінде педагогтардың психологиялық сауаттылық деңгейінің жоғарылығы

Психологиялық қолдаудың негізгі міндеттері жалпы тұрғыдан орындалды деп есептеуге болады.

### **Диагностикалық жұмыстар**

Жылдық жоспарға сәйкес ұстаздарға, оқушыларға, ата-аналарға төмендегідей диагностикалық жұмыс жүргізілді. Атап айтқанда: 2025-2026 оқу жылында мынадай жұмыстар атқарылды, диагностикалық, түзету-дамыту, ағарту, алдын алу, консультация беру, ұйымдастыру әдістемелік көмек көрсету. 2025-2026 оқу жылында бірінші сыныптар бойынша 1 «А», «Ә», «В», жалпы – 83 оқушы оқып жатыр. Оқушылардан мектепке бейімделуін анықтау мақсатында жүргізілген жұмыстың нәтижесі.

*1 «А» сыныбы бойынша:*

Барлық қатысқан оқушылар саны – 20, Мектепке дайындығы жоғары деңгейде – 9 оқушы, 10 оқушы - орташа деңгейде; төмен деңгейде оқушы жоқ.


*1 «Ә» сыныбы бойынша:*

Барлық қатысқан оқушылар саны – 20. Мектепке дайындығы жоғары деңгейде – 10 оқушы, 7 оқушы - орташа деңгейде, төмен деңгейде оқушы -1.

*1 «В» сыныбы бойынша:*

Барлық қатысқан оқушылар саны – 24. Мектепке дайындығы жоғары деңгейде – 6 оқушы, 14 оқушы - орташа деңгейде, төмен деңгейде оқушы 4.

Мектепке дайындығы жоғары деңгейдегі оқушылар:



*5-сынып оқушыларының бейімделу кезеңін ұйымдастыруды анықтау әдістемесі бойынша жүргізілген жұмыстың көрсеткіші.*

Жас ерекшелігінің қауіпті жағдайы:

Көптеген түсініспеушіліктер туындап, баланың бойында жат, теріс қылықтар пайда болып, эмоциялық жай-күйі бұзылуы мүмкін. Бойында ашу-ыза кернеп, өзінің сабаққа деген қызығушылығын жоғалтып, әлеуметтік ортадағы орнын өзгертуі мүмкін.

5-“а” сынып бойынша сынып жетекшісі: Молдақанова Ұ. Қатысқандар - 22 оқушысы бар, психологиялық ахуалы қалыпты. Қиындық көріп жатқан пәндері: ағылшын, тарих, математика, орыс тілі. Сабақтан тыс сүйікті істері: домбыра тарту, би билеу, спортпен шұғылдану, сурет салу, сыртқа шығып доп тебу, серуендеу және ойнау. Мұғалімдердің сабақтары түсінікті, бірақ ... тарих мұғалімнің сабағы түсініксіз екенін белгіледі. 5-“а” сыныпта жаңа сабақтарға бейімделуі қалыпты болып жатыр және әр оқушының сыныпта достары бар. Сынып жетекшілері жайлы айта кетсек оқушылар қазіргі мұғалімдеріне сенімді көзқараспен қарайды. Оқу процесінде жаңа технологиямен жабдықталған кабинеттер көп болса, математика пәнінен үйірмелер ашылса, мектебіміз. Ал сыныптастарымен пән мұғалімдеріне бақыт, жақсылық және аман болып, жақсы сабақ беруін тілейді.

5-“ә” сынып бойынша сынып жетекшісі: Бақыторазова Ұ. Қатысқандар - 23 оқушы инклюзивті – 1 оқушы, психологиялық ахуалы қалыпты. Оқушылардың қиналатын сабақтары: ағылшын, орыс тілі, тарих, математика. Сабақтан тыс сүйікті істері: шахмат, өнерге бару, сурет салу, спортпен шұғылдану достарымен ойнау және білімін жетілдіру. Тарих, ағылшын тілі, математика, оқушылардың басым бөлігі орыс тілі пәнінің түсініксіздеу екенін жазды. Алтынкүл апайдың сабағы түсініксіз екенін белгіледі. Сынып жетекшілері жайлы айтып кетсек: оқушылар қазіргі мұғаліміне жағымды көзқараста және сабақты жақсы түсіндіреді, мейірімді екенін жасырмады.

5-“в” сынып бойынша сынып жетекшісі: Утегенова Р. Қатысқандар 22 оқушы, психологиялық ахуалы қалыпты. Оқушылардың қиналатын сабақтары: ағылшын, қазақ тілі, математика, орыс тілі(оқу), информатика. Оқушылардың сынып жетекшіге деген көзқарасы жақсы және өте тамаша екенін жазды. Қазір қиыншылық болып жатқан шамалы, тек кейбір пәндер түсініксіздеу. Оқу процесінде жақсы жаққа өзгерткісі келетірдері: сабақ материалдарын тереңірек меңгеру.

5-“а”, “ә”, “в” сыныбымен сауаланама жұмыстары жүргізілді. Ең алдымен оқушылардың өзін-өзі бақылау дағдысы қалыптасты. Оқушылар өздеріне тапсырылған тапсырмаларды орындай білді.

5-сыныптар бойынша: Барлығы-72 оқушы. Қатысқаны - 72оқушы.

### **«Аутодеструктивті мінез-құлықты алдын алу мақсатында оқушылармен жүргізілген диагностика нәтижесі:**

Мектеп бойынша оқушылардан 2-11 сыныптар аралығында сауалнама алынды.

2-сынып оқушыларына «Жаңбыр астындағы адам» проективті әдістемесі жүргізілді.

3-4 сыныптардан «Кактус», «Жануарлар мектебі» проективті әдістемесі алынды. Әдістемесі бойынша оқушылардың жеке көңіл-күйі, сезімдері, уайымдары, агрессия, қарым-қатынастарының қалыпты деңгейде екендігі анықталды. Сонымен қатар бірнеше оқушының көңіл күйіне байланысты психологиялық түзету-дамыту жұмыстарын жүргізу керектігі анықталды.

5-сыныптардан «Әлемде жоқ жануар» әдістемесі,

6-сыныптардан Кондаштың «қобалжу шкаласы» - оқушының ситуацияға деген қобалжу деңгейінен шығу.

7-сыныптардан «Филлипс» әдістемелері алынды.

8-сыныптардан «Айзенк» әдістемесі, 9-11-сыныптардан «Э.Ховард», 10-сыныптардан «Шмишек» сауалнамалары алыны. Әдістеме баланың қандай позицияны таңдауына, өзінің шынайы және идеал күйін қай адаммен үйлестіретін анықтау, оқушының қоршаған ортаға көзқарасын және жеке бас ұстанымын анықтайды.

Жалпы 2-11 сынып оқушылардың саны – 715 бойынша тесттер алынды.

Терешкова атындағы №31 жалпы орта білім беретін мектебінде 09.12.2025ж "Кәмелетке толмағандар арасындағы өз-өзіне қол жұмсаудың, қол жұмсауға итермелеудің алдын алу" мақсатында «Отбасы және жасөспірім тәрбиесі» тақырыбында ата -аналар жиналысы өткізілді.

Мақсаты: кәмелетке толмаған жасөспірім оқушылар арасындағы өз-өзіне қол жұмсаудың, қол жұмсауға итермелеудің, құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағаланусыз және панасыз қалуының алдын алу. Ата -аналарға бала тәрбиесінде имандылық, салауаттылық, құқықтық кеңестер беру.

<https://www.facebook.com/share/p/18tYe1nWUo/?mibextid=wwXIfr>

Шымкент қаласы Білім басқармасына қарасты Терешкова атындағы №31 жалпы орта білім беретін мектебінде 03.12.2025 жылы "Жасөспірімдер арасындағы қылмыс пен құқықбұзушылықтардың, есірткі тарату мен нашақорлықтың алдын алуға" байланысты мектептің 6-11 сынып оқушыларына арнайы дайындалған "Есірткі тасымалдаушы" атты құқықтық бейнебаян көрсетілді. Іс-шараға қатысқан мектеп әкімшілігі, құқық қорғау қызметкерлері оқушыларға құқықтық сұрақтар беріп, тақырыпқа байланысты пайдалы кеңестер берді.




<https://www.facebook.com/share/p/18wpDAukhD/?mibextid=wwXIfr>

12.12.2025ж күні 7-11-сынып оқушыларымен «Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ!» тақырыбында тренинг өткізілді. Мақсаты:



- Оқушыларға зорлық зомбылық туралы мағлұмат беру, адамның ең жаман қасиеті екенін айту.
- Адамның ең басты құндылығы оның бостандығы, олай болса оқушыларға адамзаттық құқықтарымен бас бостандықтарын қорғауы туралы үйрету
- Зорлық –зомбылық адам ағзасына тікелей әсер ететінін түсіндіру.

- Жаман әдеттерден бойларын аулақ ұстап, ондай әрекеттерге бамауға тәрбиелеу, адамгершілігі мол саналы азамат болып өсуіне ықпал жасау.



22.01.2026 күні «Өмір ғажайып» тақырыбында 8-9-10-сынып қиын оқушыларымен тренинг жүргізілді. Мақсаты: Өмірде өзіне сенімді болуға, өзін табуға, алдына мақсат қоя білуіне не үшін, не істеп жүргеніне жауап бере алуға үйрету.

Наурыз айының 5-жұлдызында педагог-психологтардың ұйымдастыруымен 9-10-сынып оқушыларының қатысуымен «Ашу-ыза билегенде не істеу керек?» тақырыбында тренинг, жаттығулар жүргізілді. Мақсаты: Жағымсыз эмоциядан қиянатсыз арылу, жағымсыз энергиялар – ашу-ыза, агрессия, көреалмаушылық, табалау, қызғаныш және т.б. жұмыс жасауы. Оқушылар тренингке белсенді қатысты. Сұрақтар қойылып, өз ойларымен бөлісіп, кері байланыс жасалды.



Сәуір айының 14-жұлдызында педагог-психологтардың ұйымдастыруымен 4-сынып оқушыларының қатысуымен «Бастауыш буын оқушыларының орта буынға бейімделуі» тақырыбында тренинг, жаттығулар жүргізілді. Мақсаты: Бастауыш буыннан орта модульге ауысу кезіндегі ерекшеліктермен таныстыру, өзін-өзі бағалауды, сенімділікті арттыру, топтық жұмыс дағдыларын қалыптастыру. Оқушылар тренинг барысында орта буында кездесетін әртүрлі жағдайлар ерекшеліктерін реттеу дағдыларын түсінді. Кез-келген қиындықтан шығу жолының бар екендігін түсініп, өздеріне және бір-бірлеріне деген сенімділіктері артты, татулық, бірлік арқылы қиындықты жеңіп, жетістікке жетуге болатынын ұғынды.







Сәуір айының 2-жұлдызында педагог-психологтардың ұйымдастыруымен 9-10-сынып оқушыларының қатысуымен «Қауіпті жағдайлар. Сыпайы бас тарту» тақырыбында тренинг, жаттығулар жүргізілді. Мақсаты: оқушылардың эмоционалдық көңіл – күйін жақсарту, өмірдің мәнін, құндылықтарын түсінуге, өмірге жағымды көзқарастарын қалыптастыруға, өтінішке ықтимал жауап ретінде бас тартуды пайдалану қабілетін қалыптастыру. Оқушылар тренингке белсенді қатысты. Сұрақтар қойылып, өз ойларымен бөлісіп, кері байланыс жасалды.

<https://www.facebook.com/share/p/1GU3kZRPvU/?mibextid=wwXIfr>

Наурыз айының 17-жұлдызында педагог-психологтардың ұйымдастыруымен 8-9-10-сынып оқушыларының қатысуымен «Күйзелістен қалай құтылуға болады?» тақырыбында тренинг, жаттығулар жүргізілді. Мақсаты: Оқушыларды күйзеліске қарсы тұра алуға қалыптастыру. Оқушылар тренингке белсенді қатысты. Сұрақтар қойылып, өз ойларымен бөлісіп, кері байланыс жасалды.






Ақпан айының 4-жұлдызында педагог-психологтардың ұйымдастыруымен 8-9-10-сынып оқушыларының қатысуымен «Реніштен арылу» тақырыбында тренинг, жаттығулар жүргізілді. Мақсаты: Оқушыларды күйзеліске қарсы тұра алуға қалыптастыру. Оқушылар тренингке белсенді қатысты. Сұрақтар қойылып, өз ойларымен бөлісіп, кері байланыс жасалды.



Наурыз айының 17-жұлдызында педагог-психологтардың ұйымдастыруымен 2-3-4-сыныптардың ерекше білімді қажет ететін оқушыларының қатысуымен «Қиындықтан қорықпаймыз» тақырыбында тренинг, жаттығулар жүргізілді. Мақсаты: оқушыларға қорқыныш сезімі туралы мағлұмат бере отырып, түрлі жаттығулар арқылы бойындағы қорқыныш сезімдерін жою; өзара қарым-қатынастарын нығайту. Қатысқан оқушылар тренингке қызығушылықпен, белсенділікпен қатысты, қойылған сұрақтарға тиісті жауаптар беріліп, жаттығуларды ықыластарымен орындап бойындағы қорқыныш, сенімсіздік сезімдерін жойды.

Терешкова атындағы №31 жалпы орта білім беретін мектебінде 2025- 2026 оқу жылының жылдық жұмыс жоспарына сәйкес педагог-психолог

Ұйымдастыруымен 9-10 сынып оқушыларымен «Мамандық – менің болашағымның таңдауы» тақырыбында бейнеролик жасап, тренинг өткізілді. Мақсаты: Оқушыларға болашақ мамандық таңдауда көмектесу. “Мамандық” құндылығы туралы түсініктерді кеңейту. Оқушылар тренингке белсенді қатысты.



<https://www.facebook.com/share/p/1GU3kZRPvU/?mibextid=wwXIfr>

Шымкент қаласы №31 жалпы орта білім беретін мектебінің ерекше білім беруді қажет ететін оқушылармен мектебіміздің арнайы педагог мамандары “Мен саған сенемін” тақырыбы аясында тренинг өткізілді.

Мақсаты: оқушыларды өзін-өзі ұстай білуге, кез-келген кедергіден шыға білуге, бір-біріне деген достық қарым-қатынасын нығайтып көмек көрсетуге шақырту мақсатында сыйлай білуге өз бойындағы жеке қабілеттерін дамыту адамгершілікке, ізгілікке, достыққа, өзін және басқа адамдарды да сыйлай білуге тәрбиелеу.



Ақпан айының 25-жұлдызында педагог-психологтардың ұйымдастыруымен 3-4-сынып оқушыларының қатысуымен «Мінез-құлық тренингтері. Өзгеден табылмайтын өз мінезім» тақырыбында тренинг, жаттығулар жүргізілді. Мақсаты: Оқушылардың көңіл-күйлерін көтеру, шығармашылық қабілеттерін бағалай білу, өздеріне құрметпен қарау, дұрыс қарым-қатынас орната білу. Қатысқан оқушылар тренингке қызығушылықпен, белсенділікпен қатысты. Тренинг нәтижесінде оқушылар көңіл-күйлері көтеріліп, шығармашылық қабілеттері артып, дұрыс қарым-қатынас орната білу дағдылары дамуда.





Шымкент қаласы білім басқармасына қарасты Терешкова атындағы 31 жалпы орта білім беретін мектебінде сәуір айының 17-жұлдызында педагог-психологтардың ұйымдастыруымен 9-сынып оқушыларының қатысуымен “Стресске қарсы тұру және эмоциялық тұрақтылықты қалыптастыру” тақырыбында тренинг өткізілді. Мақсаты: — Стресс туралы түсінік беру. — Стресстің адам денсаулығына кері әсерін түсіндіру. — Тренинг — жаттығулар арқылы стресстен шығу жолдарын көрсету. Сынып ұжымын сыйластыққа, бір-біріне қолдау көрсете білуге және стрессті жағдайларға түспеу және стресстен шығу жолдары көрсетілді. Оқушылар тренингке белсенді қатысты. Сұрақтар қойылып, өз ойларымен бөлісті.



<https://www.facebook.com/share/v/1BvNZXAc7Y/?mibextid=wwXIfr>

Ақпан айының 20-жұлдызында педагог-психологтардың ұйымдастыруымен 8-сынып оқушыларының қатысуымен «Мен зорлық-зомбылыққа қарсымын» тақырыбында тренинг, жаттығулар жүргізілді. Мақсаты: Оқушыларға зорлық зомбылық туралы мағлұмат беру, адамның ең жаман қасиеті екенін айту. Зорлық –зомбылық адам ағзасына тікелей әсер ететінін түсіндіру. Оқушылар тренингке белсенді қатысты. Сұрақтар қойылып, өз ойларымен бөлісіп, кері байланыс жасалды.



<https://www.facebook.com/share/p/1GU3kZRPvU/?mibextid=wwXIfr>

Тереһһһһ жылдық жоспарына сәйкес 11-сынып оқушыларының қатысуымен ҰБТ-ға дайындық бойынша қолдау көрсету мақсатында «ҰБТ-ға сеніммен барайық» тақырыбында тренинг өткізілді.

Мақсаты: Оқушылардың өзін тану арқылы, өзіндік бағалауын қалыптастыру, стрессті жеңуге жол көрсету, бойларына сенімділік орнату.

Сынып ұжымын сыйластыққа, бір-біріне қолдау көрсете білуге және стрессті жағдайларға түспеу және стресстен шығу жолдары көрсетілді. Оқушылар тренингке белсенді қатысты. Сұрақтар қойылып, өз ойларымен бөлісті.




18 ақпан күні сынып жетекшілермен бірге «Үлгілі үйдің қыздары» тақырыбында 6-7 сыныптар арасында қыздар жиналысы өтті. Жиналыста бейнеролик көрсетіліп, сынып жетекшілері бойжеткен шақтағы қыздың қылығы мен тәлім-тәрбиесіне тоқталды. Қазақ халқының мағыналы сөздері мен мақал-мәтелдерін мысалға ала отырып, презентациядағы жағдаяттарды талқылады, пікіралмасуда оқушы қыздар сұрақтарға жауап берді. «Менің қасиетім» тақырыбында тренинг жүргізілді. Тренинг барысында қыздар өз бойларындағы жағымды, жағымсыз

қасиеттерге тоқталып, жағымсыз қылықтардан арылу жолдарын психологтың кеңесіне сүйене отырып әңгімеледі.

Ақпан айының 10-жұлдызында 5-сынып оқушыларының ата-аналарымен "Балаңызды естіңіз" тақырыбында отбасындағы ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынасты үйлесімді ету, жақсарту мақсатында тренинг өткізілді. Ата-аналар тренингке белсене қатысып, бала тәрбиесі қатысты кеңестер берілді.

13.02.2026ж педагог-психолог ұйымдастыруымен 4-сынып оқушыларымен "Сыныптағы достық атмосфера" тақырыбында тренинг жүргізілді. Мақсаты сыныптағы бір-біріне деген достық сезімдерін нығайту, ойын барысында жағымды атмосфера құру, ортақ іс-әрекет негізінде бірін-бірі қолдау, өзара сенім қалыптастыру. Оқушылар тренингке белсене қатысып, көңіл-күйлері көтеріліп, психо-эмоционалды жағдай жасалып, бір-бірлеріне деген достық қарым-қатынастары нығая түсті.



Қаңтар айының жиырма төртін күні ата-аналармен жиналыс өткізілді. Тренинг тақырыбы «Ата-анамен балалар арасындағы коммуникативті дағдарыс дамыту және Отбасы». Жиналыс барысында ата-аналарға баласы туралы психологиялық мәліметтер, жылы тілектер айтылды. Ата-аналармен көңілді жаттығулар жасап, сергіту сәті өтілді. Бала тәрбиесі дамуындағы басты рөл атқарушы - отбасы. Сондықтан ата-ананың бала көңілін таба білуіне ой қозғау, өзін-өзі тануына бағыт беру, тәрбие жайлы пікір бөлісу. Ата-аналарға балаға рухани тәрбие берудегі отбасының рөлі жайлы түсіндірілді.

Наурыз айының 10-жұлдызында педагог-психологтардың ұйымдастыруымен 6-7-сынып оқушыларының қатысуымен «Сенімді мінез-құлық» тақырыбында тренинг жаттығулар жүргізілді. Мақсаты: Сенімді мінез-құлық пен өзін-өзі реттеу дағдыларын жетілдіру, ішкі тұрақтылық сезімі мен өзіне деген сенімділікті қалыптастыру, тұлғасының күшті және әлсіз жақтарын жан-жақты талдау, жағымды «мен» бейнесін құру.


Оқушылар тренинг барысында әртүрлі жағдайда, өтпелі кезеңде кездесетін мінез-құлық ерекшеліктерін реттеу дағдыларын түсінді. Кез-келген қиындықтан шығу жолының бар екендігін түсініп, өздеріне және бір-бірлеріне деген сенімділіктері артты, татулық, бірлік арқылы жетістікке жетуге болатынын ұғынды.



Қаңтар айының 21-жұлдызында педагог-психологтардың ұйымдастыруымен 7-сынып оқушыларының қатысуымен “ Кәмілетке толмағандар арасындағы зорлық зомбылық, жыныстық тиіспеушілік тұрмыстық зорлық зомбылықтың алдын алу ” тақырыбында тренинг, жаттығулар жүргізілді. Мақсаты: жасөспірімдер арасындағы бұзақылық яғни буллинг жағдайлардың алдын- ала отырып, эмпатия қабілетінің дамуына байланысты жанжалды жағдайларда конструктивті мінез-құлық дағдыларын және топ аралық қарым - қатынастарын дамыту. Оқушыларға буллингтың алдын-алу бойынша бейнеролик көрсетілді. Оқушылар тақырыпты белсенді талқылады және өмірден өз мысалдарын келтірді. Оқушылар бейне материалдарды үлкен қызығушылықпен қарады және сұрақтарын қойды.



Ақпан айының төртінші күні 5 сынып оқушыларымен «Жарасымды қарым қатынас» тақырыбында тренинг өткізілді. Тренинг барысында оқушылар арасында қарым қатынасын анықтап, оқушылардың бойындағы жақсы қасиеттерін ашылды. Оқушылар белсенділік танытып, жүргізілген әр жаттығу бойынша кері байланыс беріп, пікір алмасуларды еркін жүргізе білді.



"Психологиялық қолдау орталығы" КММ-нің 09.01.26ж №37 хаты негізінде 8-11 сынып оқушыларымен қаңтар айының 17-жұлдызында педагог-психологтардың ұйымдастыруымен 9-сынып оқушыларының қатысуымен "БІЗ БУЛЛИНГКЕ ҚАРСЫМЫЗ!" тақырыбында тренинг, жаттығулар жүргізілді. Мақсаты: жасөспірімдер арасындағы бұзақылық яғни буллинг жағдайлардың алдын- ала отырып, эмпатия қабілетінің дамуына байланысты жанжалды жағдайларда конструктивті мінез-құлық дағдыларын және топ аралық қарым - қатынастарын дамыту. Оқушыларға буллингтың алдын-алу бойынша бейнеролик көрсетілді. Оқушылар тақырыпты белсенді талқылады және өмірден өз мысалдарын келтірді. Оқушылар бейнематериалдарды үлкен қызығушылықпен қарады және сұрақтарын қойды.



Қаңтар айының 31-жұлдызында педагог-психологтардың ұйымдастыруымен 9-сынып оқушыларының қатысуымен "БУЛЛИНГКЕ ЖОЛ ЖОҚ!" тақырыбында тренинг, жаттығулар жүргізілді. Мақсаты: Жасөспірімдер арасындағы қорлау, мазақтау, намысқа тию жағдайларын алдын алу. Сынып ұжымын сыйластыққа, бір-біріне қолдау көрсете білуге тәрбиелеу. Оқушылар тренингке белсенді қатысты. Сұрақтар қойылып, өз ойларымен бөлісті.



Терешкова атындағы №31 ЖОББМ-де 16.01.2026 ж күні мектеп оқушыларымен құқық қорғау қызметкерлері арасында "Заң мен тәртіп" тақырыбында адалдық сағаты ұйымдастырылды. Мақсаты: Жасөспірім мектеп оқушыларын жақсы оқып, адал еңбек етуге, сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұруға тәрбиелеу және жасөспірімдер арасындағы қорлау, мазақтау, намысқа тию жағдайларын алдын алу. Мектеп педагог-психологтары тарапынан видео ролик көрсетіліп, кеңестер берілді.




<https://www.facebook.com/share/p/1GU3kZRPvU/?mibextid=wwXIf>

Терешкова атындағы №31 ЖОББМ-де 22.01.2026 ж күні "ӨК Чапаевка" емханасының акушер гинекологы Алима Амирбекова, мектеп медбикесі, мектеп педагог-психологтарының қатысуымен "Қыз тәрбиесі-ұл тәрбиесі" тақырыбында 8-11 сынып қыз балаларына қыздар жиналысы ұйымдастырылды. Мақсаты: Жасөспірім қыздар арасындағы ерте жүктіліктің алдын алу, жеке бас гигиенасын сақтауға тәрбиелеу, жыныстық жолдармен берілетін жұқпалы аурулардың зардаптары туралы ақпараттандыру, қыз балалардың бойына рухани-адамгершілік, ұлттық ар-намыс, әдептілік, сыпайылық, тиянақтылық, имандылық, тазалық қасиеттерін сіңіру. Жиналыста акушер-гинеколог және мектеп медбикесі ерте жүктіліктің зардабы, жыныстық жолдармен берілетін аурулардың зардабы туралы түсіндіріп айтты. Мектеп педагог-психологтары тарапынан видео ролик көрсетіліп, кеңестер берілді. Оқушылар сұрақтар қойып, сұрақтарына жауап алып, өз ойларымен бөлісті.



<https://www.facebook.com/share/p/1GU3kZRPvU/?mibextid=wwXIfr>

Терешкова атындағы №31 ЖОББМ-де 09.10.2026ж 8-11 сынып оқушыларымен "Заң және жасөспірім!" тақырыбында директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, мектеп инспекторы және мектеп психологтары қатысуымен құқықтық іс-шарасы ұйымдастырылды. **Мақсаты:** Жасөспірімдер арасындағы қылмыстың, құқықбұзушылықтың, қадағалаусыз панасыз қалуының, зорлық-зомбылықтың, өз-өзіне қол жұмсау фактілерін болдырмау, жыныстық тиіспеушілігіне қарсы қылмыстардың профилактикасы және өмір қауіпсіздігін сақтау.



<https://www.facebook.com/share/v/1BGsnzmCNK/?mibextid=wwXIfr>

Терешкова атындағы N31 ЖОББМ-де қыркүйек айының 27-жұлдызында 8-11-сынып оқушыларымен жасөспірімдер арасында адам өміріне зиян келтіретін заттарды тасып жүрудің алдын алу мақсатында "Абай бол" тақырыбында

құқықтық іс-шарасы ұйымдастырылды. Құқықтық іс-шарада мектеп полиция инспекторы, педагог-психологтар оқушыларға тақырыпқа байланысты толық ақпараттар беріп, түсіндіру жұмыстарын жүргізді.



<https://www.facebook.com/share/v/1BvNZXAc7Y/?mibextid=wwXIfr>

Шымкент қаласы білім басқармасына қарасты Терешкова атындағы №31 ЖОББМ-де 2026жылдың 11 қазандағы № 2-12-30-40981 хаты негізінде 28.10.2026ж күні жалпы мектеп ата-аналарына аутоагрессияға итермелеуі мүмкін ойындардың (сайттардың)тізімімен таныстырып, түсіндіру жұмыстары жүргізілді.



Шымкент қаласы білім басқармасына қарасты Терешкова атындағы N31 ЖОББМ-де Кәмелетке толмаған жасөспірім қыздар арасындағы ерте жүктіліктің, алдын алу мақсатында жоғары сынып оқушыларымен "Бүгінгі қыз-ертеңгі ана" тақырыбында қыздар жиналыс өткізілді  
✂✂✂ Мақсаты: қыз балалардың жалпы денсаулығын сақтау, ерте жүктіліктің алдын-алу, жеке бас гигиенасын сақтау жолдарын үйрету.



<https://www.facebook.com/share/p/1FuGadAG5F/?mibextid=wwXIfr> 11-сыныптардың ҰБТ-ға психологиялық дайындау мақсатымен Әдістеме: «Басса Дарки», Айзенк тесті, «Темпераментті анықтау» әдістемесі. Э.Ховардтың «Стресс саған қалай әсер етеді?» тесттері алынып, нәтижелері өңделді. Нәтижелеріне байланысты консультация, психосауықтыру жұмыстары жүргізілді. Ең ауыры бітіруші түлектерімізге түсіп тұрғандықтан, оқушыларға арнап ҰБТ бойынша қолдау көрсетудеміз. Оқушыларға арналған психологиялық жаттығуларды жасатудамыз. Оларға болашаққа үлкен үміт артып, жақсылық болатынын түсіндіру жұмыстарын жүргіздік. Ата-аналарда үйде балаларға көбірек қолдау көрсету керек екендігін айтып, профилактикалық жұмыстар жүргізілді. Ата-аналар мен бітіруші түлектерге ҰБТ туралы толық ақпарат беріліп, түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Мектепте ерекше білімді қажеттетін оқушылар саны жыл басында 16 оқушы болды. Ол оқушылармен жыл бойы жеке түзету-дамыту жұмыстары жүргізіліп, тренингтер өткізілді. Мектебімізде мүмкіндігі шектеулі 9 оқушы бар. Пән мұғалімдеріне үйде оқытылатын оқушыларға сабақ кезінде қолдау мен түсіністік таныту керек екендігі айтылды. Себебі, олар өздігінен қимыл-қозғалыста болмағандықтан, ата-анасы мен оқушыларға біздің қолдауымыз көбірек керек екендігі туралы түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Оқушылар, ата-аналар, мұғалімдерге психологиялық консультациялар жүргізілді. Ұсыныс: 2025-2026 жылдар үшін мектеп және жалпылама білім беру үшін көптеген өзгерістер мен енгізулер енгізу керек. Қазіргі сәттен бастап күнделікті өтілетін сабақтарды оқушылар үшін қызығатындай әрі пайдалы етіп өткізу үшін мектептегі мұғалімдердің біліктілігін арттыру керек. Әртүрлі курстар оқыту, дамыту бағытында мектеп ішінде бірнеше семинарлар өткізу керек. Біліктілігінен бөлек, мұғалімдер үшін ата-аналармен жұмыс жасаудың да маңыздылығын көрсету. Себебі мектеп тек оқушылар мен мұғалімнен ғана емес, ата-ана деген үлкен отбасы мүшелерінен қаланады. Рас, мектепке әртүрлі мінезді ата-аналар келеді. Дәл солай әр ата-аналардың талабы, менталитеті, ойы әртүрлі болғандықтан мұғалімде жан-жақты ойланып, шешім қабылдай алу керек. Сондықтан мектеп мұғалімнің тек білім жағынан емес, эмоция, психология жағынан білімінің арттыру үшін бар жағдайды жасау керек. Қолдау мақсатында психологиялық тұрғыдан тесттен өткізу, лекциялар шақыру секілді маңыздылығы жоғары іс әрекеттерді жасауы тиіс. Сондай-ақ, мектеп тек білім беру емес, оқушылар үшін екінші үйі екенін, ата-ана үшін қауіпсіз, білім алып дами алатын орта екенін әрдайым түсіндіру керек. Мұғалім, ата-аналармен бірлесе оқушылардың психологиялық дамуына қолдау көрсетуге жұмыс жасау.

Шешім: 2025-2026оқу жылында педагог-психологтардың жұмысы қанағаттанарлық деп табылсын.

Педагог-психолог: Б.Қошқарбаева. А.Мусакулова